



Валерий МЕНИЦКИЙ (1944–2008)

Кеңес Одағының Батыры, КСРО-ның еңбегі сіңген сынақшы-ұшқышы, Лениндік сыйлықтың лауреаты, Халықаралық Лаурел сыйлығының лауреаты, Микоян атындағы конструкторлық бюросының шеф-ұшқышы, бас конструктордың орынбасары

ТОҚТАР ӨЗІНІҢ ҚАЗАҚ БОЛЫП ТУҒАНЫН МАҚТАН ТҰТАТЫН, ХАЛҚЫ ТУРАЛЫ ЖҮРЕГІМЕН ӘҢГІМЕЛЕЙТІН

ОНЫҢ МІНЕЗІ БІР ҚАРАҒАНДА КҮРДЕЛІ СЕКІЛДІ КӨРІНЕТІН, ОНЫСЫ ШЫҒЫСТЫҢ ПЕРЗЕНТІ ЕКЕНІНЕН СЫР БЕРІП ТҰРҒАНЫ ШЫҒАР

Тоқтар Әубәкіров – қазақ. Сүйегі ірі, бір метр сексен сантиметр бойы бар жігіт авиация үшін шын мәнінде ірі тұлға саналатын. Кең иықты, сымбатты, шойын мүсінді. Оның мінезі бір қарағанда күрделі секілді көрінетін, онысы Шығыстың перзенті екенінен сыр беріп тұрғаны шығар. Осы орайда бір жайтқа міндетті түрде тоқталып өтпесем болмас: біз Александр Васильевичтен (А.В.Федотов – Кеңес Одағының Батыры, КСРО-ға еңбегі сіңген сынақшы-ұшқыш, Т.Әубәкіровтың ұстазы, жан досы – Т.С.) айырылып қалдық, ардагерлер демалысқа кетті, міне, сол тұста мен Әубәкіровті өзіме орынбасар етіп тағайындадым. Қызметке ресми кіріскен кезден бастап ол жаңа қырынан танылды – әріптестерімен, әсіресе, жастармен тез тіл табысып, сондай қағылез жүрді. Қол ұшын беруге әркез дайын-тын, ұжымның игілігі үшін жанын салды.

Александр Васильевич қаза тапқан соң мен теңіз тақырыбынан еріксіз қол үзгенмін, өйткені уақыт тапшы болып кетті. Шеф-ұшқыш ретінде атқаратын жұмыстарым онсыз да басымнан асып жататын. Теңіз тақырыбы бойынша менің қосалқы серігім Анатолий К. болатын, бірақ мен Тоқтар Әубәкіровті басшы етіп қойдым. Осыдан кейін менің Анатолиймен ара қатынасым қиындады, себебі ол басшылықтан бірден-бір үміткер жан еді. Бірақ менің түсінігімде Тоқтардың кәсіби шеберлігі, қабілет-қарымы мен әлеуетті мүмкіндігі Анатолийге қарағанда жоғары әрі асып тұрған еді. Сол себептен теңіз тақырыбының тізгінін еш толқымастан бірден Әубәкіровке

ұстаттым. Бұл сала бойынша аз сағаттар ұшқанына қарамастан, ғажабы сол, ол қысқа мерзім ішінде ұшулардың орнын жеделдетіп толтырып үлгерді. Біз теңіз бригадасын құрдық, оның құрамына Тоқтар Әубәкіров, Анатолий К., Роман Таскаев және мен кірдім. Төртеуіміз фирманың аса ауқымды теңіз

де өзгерді. Біз Тоқтармен бірге теңіз тақырыбын терең зерттеу барысында теңіз ұшқыштарын дайындаудың өте бір нәзік түйткілді тұстарына көз жеткіздік. Біз екеуіміз теңіз үстінде МиГ-21, МиГ-23, МиГ-29 ұшақтарымен жұптасып та, былай да өте көп ұштық. Осы кезеңде Тоқтар өзін ең

крейсердің ұшақ қонатын бөлігін жасау секілді басқа да барлық аспектілеріне белсене қатысты. Белгілі уақыт та келіп жетті. Кемеге бірінші болып Су-27К ұшағымен Виктор Пугачев келіп қонды, араға 40 минут салып МиГ-29К ұшағымен Тоқтар Әубәкіров қонды. Біз ол үшін қатты қуандық. Бірақ көпшілік мына бір фактіні еске ала бермейді. Ол Тоқтардың өзі қонған сәттен тура бір сағаттан соң авиатасмалдағыштан ұшып шығуы. Тоқтар осылайша авиатасымалдағышқа қонып, одан соң ұшып шыққан бірінші сынақшы деген атаққа қол жеткізді. Өйткені, Су-27К ұшағы кемеден ұшып шығу үшін үш күн дайындалды. Бұл бағдарламаны Тоқтарға басы бүтін беру арқылы біз ерекше ұшудың сенімді қолға табысталғанына еш шүбәміз қалмады. Біз шын мәнінде қателеспеппіз.

ТОҚТАРДЫҢ ЖОЛЫН БӨГЕМЕДІМ

Тоқтардың ғарышқа ұшу мүмкіндігі пайда болды. Ол маған Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өзімен болған жеке әңгімеде сондай қолға салғанын айтты. Ұжымдағылар оны өміріндегі ең бір жарқын сәттің болатынына сендіріп бақты. Менің бұл оқиғаға өз көзқарасым бар еді. Ол қазақ ретінде ғарышқа ұшса, тарихта тұңғыш қазақ ғарышкері атанады. Сол кезде біздің фирманың ұшу жоспарлары ол үшін екінші мәселеге айналды. Мұндай мықты орынбасардан айырылу маған ауыр соғатыны сөзсіз. Ол кезде Б.Орлов пен А.Фастовец ұшуды тоқтатқан, ал Роман Таскаевті әлі де ойдағыдай дәрежеге көтере алғаным жоқ еді. Демек, теңіз жобасындағы мұндай болашақ мен үшін аса қуаныш әкеле қоймайтыны рас. Әубәкіров кетсе, мен ең басты резервімді жоғалтамын, ұшу



Қазақтың қос батыры қол алысқан сәт

ҒАЛЫМ-ҒАРЫШКЕР

Ғарышты зерттеу арнайы ғарышкерлердің болуын талап етті. 1965 жылы НАСА ғалым-ғарышкерлерді жолдауды бастады. Алғашқы бес ғалым-ғарышкер – Джо Кервин, Курт Митчелл, Оуэн Гарриотт, Эд Гибсон және Джек Шмидт. Ғалым – ғарышкерлер біздің осы ғылым салаларындағы білімімізді жетілдіруде орасан үлес қосты.

бағдарламасын жүзеге асырдық. Жобаны мен Беляковқа («МИГ» КБ бастығы – Т.С.) бекіттіріп алғанмын. Бұл бағдарламаның маңызы – теңіз үстінде ұшудан тәжірибе жинақтау болатын. Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда, ол кеңістікте бағдарлап ұшудан мүлдем басқаша. Оның өзіндік, биіктіктегі қашықтықты айқындаудың кәсіби қиындықтары жетіп-артылатын.

Біз бағдарламаны жүзеге асырудың алғашқы сәтінен бастап-ақ айтарлықтай тәжірибе жинадық, ақпараттық тұрғыда да бай мағлұмат алдық. Теңіз машинасы туралы әуелгі пікіріміз

жақсы қырынан көрсетті. Күрделі тақырыптың барлық мәселелерін бойына құнттап жинаған ол, жаңа бағдарлама жасады. Былайша айтқанда, өзінің өмірлік кәсіби бағдарламасын жасады. Ол уақытының көбін Сак пен Николаева өткізді. Авиатасымалдағыш

майданындағы сағаттар сирейді. Жастардың жаңа легін дайындау керек. Ондай сәттер күтпеген оқиғаларға ұрындырары даусыз. Соған қарамастан, мен Тоқтардың жолын бөгемедім. Керісінше, қолымнан келгенше көмектестім. Мен Тоқтарға, мұны толығымен қолдайтынымды білдірдім, Ұшу қызметі басқармасынан Тоқтарды қолдауды өтіндім және олардың мені жақтайтынына сендім.

Енді тек Назарбаевпен жолығып, алдағы іс-қимылдың болмысын айғақтап алу керек. Мен онымен екі рет кездестім. Нұрсұлтан Әбішұлы мәселенің мән-жайына қаныға бастаған соң маған тікелей сауал қойды:

– Осы орайдағы іс-қимыл әрекеттің тәртібі мен жөн-жосығы қалай болуы керек?

Дәл осы арада біздің әңгімемізге аса беделді бір азамат араласып, Тоқтар дубәкіровті ғарышкерлер отрядына кіргізу үшін Ғарышкерлерді Даярлау Орталығының ығына жығылып, тілін табу керек деп, бізді иландыра бастады. Оның сөзін «Энергия» ҒЗБ бас директоры Семенов та қолдады. Назарбаев олармен келіскендей сыңай танытқан, бірақ, екеуміз оңаша қалғанда, «Айтыңызшы, бұл мәселеде сіздің ойыңыз қандай?» – деп қайта сұрады. Мен оған: «Қазақ ұшқышын дайындау бағдарламасын ҒДО қалай болғанда да тежейді», – дедім. Ол болашақ ғарышкердің қазақ болғандығынан емес, жасалып қойған бағдарлама-жоспарын қайта қарап, түзетіп, бұзғысы келмейді. Ол жоспар алдағы екі-үш жылға алдын-ала жасалып қойған. Бір жағынан, дұрыс та, өйткені әркім өзінің қашан ұшатынын біледі. Екінші жағынан, ғарышкер дайындау, меніңше, машақаты өте көп созылмалы үрдіс. Бұдан шығатын қорытынды: Тоқтар оларға қажетсіз салмақ салғалы тұр, сол себепті олар оны «шеңбермен айналдырып» жіберуі мүмкін. Логика біреу-ақ: олар өз міндетін атқарып, ал біз өз шаруамызбен айналысуымыз керек. Егер біз олардың жолын таңдасақ, тұйыққа тірелеміз. Армия – бұл тек бұйрыққа сүйенетін механизм.

Нұрсұлтан Әбішұлы сөзін нығырлап сөйлеп: «Зымырандар қазақ жерінен ұшырылады, сондықтан да Одақта тұрып жатқан барлығымыздың міндетіміз, қазақ халқының бірінші ұшқышын ғарышқа

ұшыруға қолдау білдіруі тиіс», – деді. Оның үстіне мен оған: «Бұл мәселе екі-ақ адамның – Президент Михаил Горбачев пен Қорғаныс министрі Дмитрий Язовтың қолында», – дедім. «Алдымен Язовқа шығу керек, ол мақұлдаса, жеңістің ауылы алыс емес» деп қосып та қойдым. Нұрсұлтан Әбішұлы менімен толық келісті. Ол Язовқа телефон шалып, мәселені табан астында шешіп алды. Анау қол астындағыларға бұйрық берді де, іс жүріп берді.



Генералдардың кездесуі

БІРІНШІ ҒАРЫШКЕР- ҰШҚЫШЫ ПАЙДА БОЛҒАН ҚАЗАҚТАР ҮШІН ҚУАНДЫҚ

Ғарыш агенттігі комиссия жинап, мен Тоқтар дубәкіровті ресми түрде ұсынуға алып бардым. Алқалы жиынға менімен бірге Вадим Иванович Петров та қатысты. Талқылаудың аужайынан менің байқағаным әрі түсінгенім: Назарбаевпен менің тағы бір кездесуім керек. Мен ойлағандай-ақ комиссия мүшелері бірауыздан «графиктік жүйе бар, бәрі алдынала жоспарланған, ғарышкер дайындау маңдай терді төгетін қызмет» деген секілді сылтауларды үйіп-төкті. Қысқасы, «шеңберге» кірдік... Біз олармен сөз жарыстырып көрдік, бірақ дауласып, шиеленіске бармадық. Онымыз дұрыс та болды. Менің түсінгенім, олардың сондайлық салмақты дәлелдері болмағанымен, өз айтқандарында тұруға тырысады. Біз де ішкі өз ойымызда қалдық, есесіне олардың қорғаныс шебінің қандайлық мықты екендігін біліп алдық. Біз тарағанда олардың жүздерінен жеңімпаздық көңіл күй толқынысын байқадық. Олар Тоқтарды «қам жеме, болашақта ұшасың, бірақ сәл күте тұр...» деп жұбатып жатты. Қобалжып

тұрған Тоқтарды біз де жұбаттық. Мен: «Біз оларды қалай жеңудің жолын енді білеміз», – дедім Тоқтардың арқасынан қағып.

Біз сыртқа шыққанда Вадим Петров маған:

– Бәрі де сіздің қолыңызда, мен соны түсініп тұрмын. Ендігі жерде сіз қалай қимылдайсыз, ол қанша уақыт алады, бәрі соған байланысты, – деді.

Мен Назарбаевпен қайта кездестім. Оған бұл мәселені қатаң бақылауға алмаса, істің созылып кететінін ескерттім.

екеуміз баспалдақтан түсіп келе жаттық, қарасам – алдымыздан Тоқтар шықты. Әдеп сақтап сәлемдесіп, хал-жағдай сұрады. Мен Тоқтарды маршалға таныстырдым. Евгений Яковлевич деген:

– Мынаны қара, қандай сымбатты жігіт! Мықты жігіт екен! Валера, ол неғып МиГ-31-мен ұшпай жүр? – деді.

Ол ұшақты сынауды жаңадан ғана қолға алғанбыз, Тоқтар оған отыруға әлі үлгері қоймаған.

– Бұл сұрақ маған емес, Александр Васильевич! – дедім мен. – Уақыт жеткенде Тоқтар білегін сыбыан тұрып іске кірісетін шығар.

– Жарайсың! Шыныда да сымбатты екенсің! – деп мақтауын жалғастырған Савицкий кенет: – Татарсың ба? – деді.

– Жоқ, қазақпын! – деді Тоқтар түзетіп.

– Татар ма? – деді құлағының мүкісі бар маршал қайталап.

– Қа-аз-ақ!!!

– А-а... татармын де, – деп Савицкий жүріп кетті.

Мен түтігіп тұрған Тоқтарға жымыяп:

–Көңіліңе алма. Евгений Михайловичтің оң құлағының мүкісі бар, естімейтін құлағы жағына айттың ғой! – деп, жымыя жұбаттым.

Нұрсұлтан Әбішұлы менен қандай әрекет керек деп сұрады.

– Деруе Язовқа телефон соғу керек, ол тікелей нұсқау берсін, – дедім мен.

– Келістік, айтқаныңыз болсын, – деді Назарбаев.

Ол сол мезетте Язовқа телефон соқты. Министрдің қол астындағыларға екінші тапсырмасы төбеден нағыз бұйрық болып түсіп, шаруаны қозғап жіберді. Жарты жыл толмай Тоқтар ғарышқа ұшты. Біз ол үшін қатты қуандық, бірінші ғарышкер-ұшқышы пайда болған қазақтар үшін қуандық. Ол ғарышкер-ұшқыштың біздің фирманың атақты сынақшы-ұшқышы болғаны баршамыздың жанымызды масайратып, жүрегімізді ерекше тебірентті.

ӘЛДЕКІМДЕР ОНЫҢ ҰЛТЫН ШАТАСТЫРЫП ЖАТҚАНДА КӘДІМГІДЕЙ КЕЙІП ҚАЛАТЫН

Тоқтар өзінің қазақ болып тұғанын зор мақтан тұтатын, халқы туралы жүрегімен беріле айтатын. Кейде әлдекімдер оның ұлтын шатастырып жатқанда кәдімгідей кейіп қалатын. Бұл – Шығыс халқының бәріне ортақ, тән қасиет қой деп ойлаймын...

Ахтубинск полигоны. Біз маршал Евгений Яковлевич Савицкий

– Келістік, айтқаныңыз болсын, – деді Назарбаев. Ол сол мезетте Язовқа телефон соқты. Министрдің қол астындағыларға екінші тапсырмасы төбеден нағыз бұйрық болып түсіп, шаруаны қозғап жіберді. Жарты жыл толмай Тоқтар ғарышқа ұшты. Біз ол үшін қатты қуандық, бірінші ғарышкер-ұшқышы пайда болған қазақтар үшін қуандық. Ол ғарышкер-ұшқыштың біздің фирманың атақты сынақшы-ұшқышы болғаны баршамыздың жанымызды масайратып, жүрегімізді ерекше тебірентті.

«Аспандағы ағайындар»
кітабынан ықшамдап аударған
Талғат СҮЙІНБАЙ